

Ж.Ж. Камалова

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕСТІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілгендей тең негізде меншіктің барлық нысанын қорғау, сонымен қатар экономикалық, кәсіпкерлік қызметтің еркіндігіне кепілдік нарықтық қатынастардың дамуына негіз бола алды. Қазақстан әлемдік қауымдастыққа толыққанды мүше болғандықтан, экономикалық қызметтің жаһандануына және қаржы нарықтарының үйлесімді жұмыс істеуіне қарай экономикалық қылмыс жасап, зиян, зардап келтірілуі, тіпті ол қылмыс бір ғана мемлекеттің аумағында жасалса да, өзге мемлекеттерге де қауіпті болуы мүмкін. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында айтып өткендей: «Қазақстан халықаралық қатынастардың жаңа құрылысын құруда жаһандық шешімдер қабылдау процестеріне қатысуға бет бұрып отыр...» [1].

Қылмыстық құқық саласындағы проблемалардың бірі болып экономикалық қылмыстар жүйесі танылады. 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексі қабылданған сәттен бастап ғалымдар экономикалық (шаруашылық) қатынастар аясында қылмыстылықтың жеке түрлері және аспектілері бойынша бірнеше ондаған іргелі зерттеулер жүргізген болатын. Осындай еңбектердің авторлары болып: Г.Н. Борзенков, Б.В. Волженкин, Л.Д. Гаухман, Н.А. Лопашенко және т.б. Шетелде де осы қылмыстарға қатысты келесідей авторлардың монографиялық зерттеулері жарық көрген: М. Бассиони, Э. Сатерленд, Б. Свенсон, К. Тилдан және т.б.

Экономикалық қызметтің нысанының күрт өзгеруі 80-90 ж.ж. және белсенді (кейбір әлеуметтік қажеттіліктер талаптарына сай келмесе де) заңшығарушылық қызмет осы проблематика бойынша ғылыми зерттеулерді қайта ойластыру қажеттігіне алып келді. 1997 жылы ҚР ҚК-сі заңға сай экономикалық қызметті қорғау аясында жаңа түйіндер мен басымдықтарды белгіледі. Қылмыстық құқықтық қорғаудағы бұл жаңа саты Қазақстанның нарықтық қатынастарға түсуімен байланысты бірқатар сұрақтарды шешуге бейім, сонымен қатар қылмыстық заңнаманы қолдануда кейбір қиындықтар туғызады. ҚР аумағында осы проблема арнайы зерттелген емес, бірақ кейбір авторлар бірқатар аспектілерін жанама түрде атап өткен болатын, олар: Қ.Ж. Балтабаев, И.Ш. Борчашвили, Ж.Д. Бусурманов, С.Е. Қайыржанова, С.М. Разметов, И.И. Рогов және т.б.

Қылмыстық заңнамада Қазақстанның экономикалық қызмет аясын қорғауға бағытталған. Экономикалық қызмет аясын реттеуге бағытталған қоғамдық қатынастарды қорғау ҚР ҚК-нің 7-тарауында регламенттелген. Экономикалық қылмыстар жүйесінде классификация маңызды орынға ие.

Шетел мемлекеттерінің заң әдебиеттерін талдау арқылы біз көп мемлекеттерде экономикалық қылмыстарды объектісіне байланысты ажыратылатындығына көз жеткіземіз, олар:

- Қаржы нарығындағы қылмыстар;
- Бәсекелестік ережелеріне қол сұғатын қылмыстар;
- Тұтынушылардың қылмыстарына қол сұғатын қылмыстар;
- Экономиканы мемлекеттік реттеу тәртібіне қол сұғатын қылмыстар;
- Компьютерлік қылмыстар;
- Табиғи ортаны заңсыз пайдаланумен байланысты қылмыстар;
- Жалдамалы жұмыскерлерге зиян келтіретін, қауіпсіздік ережелерін қасақана бұзумен

байланысты қылмыстар [2].

ҚР ҚК-нің «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар» деген 7 - тарауында 41 - бап бекітілген. Бұл бір-бірімен объективтік жақтың белгілерімен, қоғамдық қауіптілік сипатымен және ауырлық деңгейімен ажыратылатын қылмыстар. Қазіргі таңда Қазақстанның экономикалық жүйесі нарықтық экономикаға ауысты, ал нарықтық экономика дегеніміз - мемлекеттің аз араласуымен еркін нарықтың қызмет ету барысында мақсатқа жететін экономика. Ал нарықты оның субъектілері ірі мемлекеттік кәсіпорындар, кәсіпкерлер, шағын және орта бизнес субъектілері құрайды. Шағын және орта бизнес экономиканың тіреуші күштерінің бірі, халықты жұмыспен қамтамасыз ететін, бюджетті салықтар мен алымдармен толықтыратын, жалпы алғанда мемлекеттің экономикасының деңгейінің объективті көрсеткіші болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет әрдайым тәуекелмен, үлкен шығындармен байланысты болып келеді. Ол қызметтің жемісті болуы экономиканың заңдылықтарына байланысты. Бірақ, тек қана оған емес, бизнестің, кәсіпкерліктің өсіп - өркендеуі оны құқықтық қамтамасыз етумен де, яғни заманауи бизнестің талаптарына толықтай жауап бере алатын заңнамаға да байланысты. Сол заңнаманың негізгі бағыттарын айқындайтын саясатты

экономикалық бағыттағы қылмыстармен күресудің мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асуы деп айқындауға болады.

Бизнестің қорғау аясында қылмыстық саясатты жүзеге асыру көп аспектілі және оны шешу үшін келесідей мән-жайлар есепке алынуы тиіс:

- нарықтың объективті заңдарының қызметімен экономикалық қатынастарды реттеуге мемлекеттік органдардың араласу шектерінің ара - жігі;
- экономикалық қатынастардың даму перспективасы және криминогендік факторлардан арылу;
- қылмыстық саясатты құруда экономикалық қатынастардың қатысушыларының, сонымен қатар қоғамның барлық мүшелерінің мүдделерінің есепке алынуы;
- экономика және бизнесті криминалдық жағдайға әсер етудің қылмыстық құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық құралдарының ерекшелігі;
- қылмыстық-саяси ықпал етудің тиімділігін арттыру мәселесі.

Экономикалық қатынастар саласында мемлекеттік саясаттың тиісті сегментін жүзеге асыруда есепке алынуы тиіс қылмыстық саясаттың негізгі элементтерінің принципалды жүйесін елестетейік. Қылмыстық саясаттың ортаңғы буына едәуір маңызға ие үш элементтен тұрады. Оған кіретіндер: экономикалық бірліктердің шаруашылық қызметін және тиісті органдардың қызметін регламенттейтін қазіргі уақытта қызмет етіп жатқан құқықтық база; қалыптасқан құқық қолдану тәжірибесінің ерекшеліктері, халықтың криминогендік хал-ахуалды қабылдау сипаты және тиісті органдардың экономикалық бағыттағы қылмыстармен күресудегі тиімділігі.

Жоғарыда аталған әр элементтерге қылмыстық саясатты құрайтын құбылыстардың басқа блоктары сәйкес келеді. Бірінші блок – экономикалық қылмыстармен күресудегі тиісті органдардың қызметінің тиімділігі. Мұнда құралдармен күш-қуат, сонымен қатар мемлекеттегі әлеуметтік - экономикалық хал-ахуалды есепке алғанда қылмыстық саясаттың осы субъектісінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі.

Қылмыстық саясаттың екінші блогы – қылмыстық құқықтық базаны жетілдіру – ол да элементтерден тұрады. Бұл мемлекеттегі әлеуметтік - экономикалық жағдайға байланысты жүзеге асырылатын қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық атқару заңнама нормаларының криминализациялануы.

Үшінші блок – кері байланыс – бір жағынан жалпы мемлекеттегі немесе белгілі бір аумақтағы (криминогендік жағдайды қоса алғанда) әлеуметтік – экономикалық хал-ахуалды, екінші жағынан – экономикалық қылмыстылықпен күресуге бағытталған тиісті органдардың қызметінің нәтижесін халықтың қабылдауы.

Халықтың пікірі көпшілік құқықтық айқындамаларға негізделген және көпшіліктің пікірін бұқара ақпарат құралдары қалыптастыратынын есепке алу тиіс. Ары қарай қылмыстық саясаттың алгоритмін қарастыру қажет болып отыр. Бұл процесті мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеру белсенділігіне байланысты, белгілі бір жиілікпен қайталанатын цикл ретінде қарастыруымыз қажет. Мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны қылмыстық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару құқығын, сондай-ақ құқықта қолдануды кешенді, өзара байланыста түзету арқылы жүзеге асырылады [3].

Теориялық айқындалған цикл қоғамға қажетті бағыттағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу бойынша ұзақ уақыттағы бағдарламаға негізделе алады. Бірақ та қазіргі таңда мемлекеттегі экономиканың хал-ахуалы жағдайында осында үлкен қадамға цикл, бірін-бірі тез ауыстырып отыратын, тез өтіп тұратын циклдарға жол беріп отыр. Бұл қылмыстық саясат субъектілерін экономика және әлеуметтік саладағы өзгерістерге едәуір жедел назар аударуына итермелейді. Оған қарамастан экономика саласындағы криминогендік жағдайлардың күнделікті өзгерістеріне билік органдарының әрдайым назар аударуы қылмыстық саясатты жүзеге асыру оның негізін құраушы концептуалды қағидаларына қайшы келмеуі тиіс. Қылмыстық саясатты жүзеге асыру процесі ең алдымен қажетті ақпарат жинаудан және оны бағалаудан тұрады. Тиісті ақпарат экономикадағы криминогендік жағдайды қоса алғанда әлеуметтік-экономикалық қатынастардың қысқа, орташа және ұзақ мерзімді даму болжамдарын құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда көптеген бизнес өкілдері экономика саласында қылмыс жасаудан арыла бастап жатыр. Оған дәлелді мысал ретінде келесідей статистикалық көрсеткіштерді келтіруге болады: 2008 жылдың екінші жартысында 4955 экономикалық қылмыстар тіркелген болатын, олардың үлес салмағы 7,43% құрады, ҚР бойынша қылмыстардың динамикасы мен ашылуы бойынша 2009 жылдың екінші жартысында өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 5368 экономикалық қылмыс тіркелді, яғни 8,31% өсті, олардың үлес салмағы 8,98 % - ға жетті [4]. Бұл басқа қылмыс түрлерімен салыстырғанда қалыпты көрсеткіш. Егер кәсіпкерлерге қатысты экономикалық қылмыс бабы бойынша қылмыстық істер қозғалып жатса, онда ол қылмыстық істердің қозғалуын бизнес

бойынша бәсекелестері арандатуы мүмкін, бәсекелесіне қарсы іс қозғалса онда оның бәсекелесуге деген жағдайы болмайды. Егер бизнес қылмыстық заңнамамен қорқынышта ұсталып отырса – оны кәсіпкерлердің әр дербес қадамына қатысты қолдана берсе, онда қоғам және мемлекет өзі алуы тиіс игіліктерден – бизнестен түсетін үлкен салықтық түсімдерден, мемлекеттің экономикалық дамуынан, оның ішінде қалалардың және елді-мекендердің инфрақұрылымы, жаңа жұмыс орындарының ашылуынан, Қазақстанға инвестиция және халық шаруашылығының инвестициялар мен инновацияларды қажет ететін салаларынан, қайырымдылық пен меценаттылықтан және т.б. айырылар еді.

Шетелдік, оның ішінде американыдық мамандар экономикалық қылмыстарға кедендік және салықтық қылмыстар, кәсіпкерлік қызметтегі алаяқтық қылмыстарын жатқызады. Соңғысы жалған фирмалар мен акционерлік қоғамдар құру, алаяқтық банкроттық, сенімге опасыздық жасау, борышкерлерді алдау, валюталық қылмыстар, ақша белгілері мен құжаттарды қолдан жасау, монополизмнің әр түрлі нысандағы көрініс табуы.

Ағылшын және АҚШ құқығында қандай әрекеттер экономикалық қылмыстар қатарына жататындығы жайлы бірыңғай пікір жоқ. «Экономикалық қылмыстар» термині заңнамада және заңгер-ғалымдардың еңбектерінде мүлдем қолданылмайды. Негізінде, осындай қылмыстарды «ақжағалалардың қылмыстылығы» немесе қаржы саласындағы қылмыстар қатарына жатқызады. «Ақ жағалылардың қылмыстылығы» тек қана экономикалық қылмыстардан ғана емес сонымен қатар жемқорлық, экологиялық, компьютерлік қылмыстар және антитрестік заңнаманы бұзулардан тұрады.

Қазақстанда қызмет етіп жатқан еркін нарық жүйесінде мемлекеттің басты ролі кәсіпкерлерді тауар өндіруге, нарыққа шығуға және табыс алуға бірдей, тең мүмкіндіктерге ие болуында тұрған жеке бизнестің негізін құраушы нормалар мен ережелерді жасай тұра, мемлекет жанжалдардың болуын алдын алады және бүкіл жүйенің жұмысын жеңілдетеді. Мемлекет пен бизнестің қарым-қатынастарының негізінде қолдау жатқанымен, бизнес пен қоғамның мүдделері қайшы келіп жатады. Қандай да бір яирманың әрекеттері қоғамдық саулықты бұзса, онда адамдар биліктен осындай тәжірибені шектейтін заңдарды қабылдауын талап ете бастайды.

Жоғарыда айтып өткендей объектісіне байланысты экономика саласындағы қылмыстарды келесідей түрде сыныптауға болады:

- Кәсіпкерлік және банкілік қызмет саласындағы қылмыстар – 189-193, 195, 200, 219-220 баптар;

Банкроттықпен байланысты қылмыстар – 215-217 баптар;

Ақша, бағалы қағаздар және төлем құжаттарының айналымы саласындағы қылмыстар – 194, 202-207 баптар;

Кедендік реттеу саласындағы қылмыстар – 209 және 214 баптар;

- Валюталық реттеу саласындағы қылмыстар;

- Тұтынушылардың мүдделеріне қол сұғумен байланысты қылмыстар – 223, 196, 198, 199, 201, 224, 226, 227, 227-1 баптар [5].

Қорыта келгенде, қылмыстық саясаттың шаралары мен механизмдері әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік болжамдарымен қатар дамып, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс.

Аталған шаралар мен механизмдер мыналарға бағытталуы тиіс: кәсіпкерліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіру; кәсіпкерлік қызметті және оны қорғауды ақпараттық-талдаумен қамтамасыз етуді құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру; кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғай алуына кепілдік беру; кадрларды даярлау және экономикалық бағдарламасын даярлау.

1. http://www.akorda.kz/kz/speeches/addresses_of_the_president_of_kazakhstan/poslanie_prezidenta_respubliki_kazahstan_na_nazarbaev

2. Бекряшев А.К., Белозеров И.П. Теневая экономика и экономическая преступность. Электронный учебник. <http://newasp.omskreg.ru/bekryash/ch2p1.htm#3>

3. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы. http://prokuror.kz/kaz/vm/normativno_pravovye_akti_gprk/Kontseptsiya_pravovoy_politiki

4. http://www.pravstat.kz/rus/docs/statinfo/otd_vid_prest/200906_Soo.xls

5. www.enu.kz/poslevuzovskoe/downloads/d_tokpaeva.doc

В данной работе рассматриваются вопросы касательно уголовной политики в сфере экономической деятельности и предпринимательства. Также в статье классифицируются преступления в сфере экономической деятельности как в Республике Казахстан, так и в развитых странах Запада. Рассматриваются вопросы защиты бизнеса и предпринимательства, а также государственная поддержка в данной сфере.

In this paper the author discusses about criminal policy in the sphere of economic activity and entrepreneurship. The article also classified as a crime in the sphere of economic activity in the Republic of Kazakhstan and in the developed Western countries. The issues of protection of business and entrepreneurship. As well as public support in this area.

Б.Т. Елубаева

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Қажетті қорғану – бұл қылмыстық құқықтың басқа институттары секілді, мемлекет және құқықпен қатар пайда болған және мемлекеттік, әлеуметтік сипаттағы бірқатар шарттарға байланысты дамыған құқықтық институт.

Қажетті қорғану әрдайым билік етуші класстардың мүддесі үшін қолданылды. Сондықтан қажетті қорғану ұғымы және оның заңды шарттары мен шегі тарихи даму процесінде өзгерістерге ұшырап, әлеуметтік–саяси құрылыстың ерекшеліктерін білдіріп отырды.

Н.В. Рейнгард қажетті қорғану туралы өзінің монографиясында: «қажетті қорғанудың өте ежелгі, трагедиялық мүддеге толы өз тарихы бар және өзінің беттерінде халықтың мәдениетін көрсетеді» деген [1,386.].

Профессор Шаргородскийдің айтуынша, ежелден бері қоғам үшін қауіп төндіретін әрекеттер қатарына адамның өмірін қию және дене жарақатын салу болды [2,96.].

Содан болар алғашқы қауымдық құрылыста әрбір тұлғаның өзінің құқықтарын қалпына келтіру және қорғау бойынша құқығы еш шектелген жоқ. Даудың дене күші мықты тұлғалардың жеңісімен шешілуі бекер емес, егер дене күші мықты тұлға шабуыл жасаған адамның жағында болса, онда екіншісі, яғни әлсізі үнсіз қалатын. Сондықтан алғашқы қауымда заңи түсінікте өзін-өзі қорғау құқығы туралы айту қиын. Әрине бұл жерде қажетті қорғанудың құқықтық институтын іздеу бекер болған еді [3,36.].

Енді осы жерде қажетті қорғанудың әртүрлі әлеуметтік-саяси құрылыстағы өз ерекшеліктеріне тоқталсақ.

1) Құлиеленуші мемлекеттердегі қажетті қорғану.

Қажетті қорғану ұғымы қылмыстық құқықтың пайда болуымен қалыптаса бастайды, яғни құлиелену қоғамында.

Құлиеленуші мемлекеттердің қылмыстық құқығы ежелгі халықтардың бірқатар заңдарында көрініс тапқан: Ману заңы (Үндістан), Ассирия заңы, Хаммураппи патшасының заңы және т.б.

Құлиеленуші мемлекеттердің қылмыстық құқығы құлиеленушілердің мүдделерін, жүйесін қорғады.

Ежелгі үндіс құқығындағы заңдардың бірі – Ману заңында қажетті қорғану туралы ұғым кездеседі [4,350б.].

Ману заңдары өзінің жеке қауіпсіздігі, әйелді және браминді қорғау үшін әрекет жасаған тұлғаны кінәлі деп танымаған. Ману заңдары бойынша қажетті қорғану әктісі ретінде шабуылшыны өлтіру, өз-өзін қорғау, сонымен қатар басқа тұлғаларды қорғау үшін, соның ішінде әйелдер мен браминдерді, рұқсат етілген. Оның үстіне мұндай сипаттағы кісі өлтіру қорғанушының құқығы ғана емес, сонымен қатар еш мүдірмей орындауға тиісті міндеті болып саналған. Ману заңдары тек өмірді қорғау кезінде қажетті қорғануды рұқсат еткен, ал мүлікті қорғау жөнінде ештеңе айтылмаған.

Мысыр заңдары бойынша қорғану тек құқық емес, ол үшінші тұлғаларға қатысты міндет болып та танылды. Осы заңдарға сәйкес кісі өлтіруді көріп тұрып, оны қорғауға мүмкіндігі бола тұра араша түспеген адам өлім жазасына кесілген. Жәбірленушіге көмек көрсету мүмкіндігі болмаған жағдайда ол бұл жағдай жөнінде сот билігін хабардар етуі тиіс болған, оны орындамаған жағдайда оған қатысты дене жарақатын салу (денесінен ұру) және үш күндік тамақтан айыру жазасына кесілетін болған.

Еврей заңдары мүлікті қорғау мүмкіндігін де белгілеген. Моисей заңдарында: «Егер кімде - кім ұрлық жасап жатқан адамды ұрып өлтірген болса, ол жазаға тартылмайды. Алайда таң атқанда өлтірсе, онда жазаға тартылады» делінген [5,32-б.].

Библия заңдары түнгі ұрыны өлтіруге рұқсат еткен. Күн шығысымен, көмектесе алатын көршілері оянатын уақытта, ұрыны өлтіруге тыйым салынатын. Күн шығыс кезінде өлтіру кек алу деп қарастырылды. Рим заңдылықтарында (XII кесте) да түнде түскен ұрыны өлтіруге рұқсат етілген. Сонымен қатар күндіз ұрлық жасап және ұстау кезінде қарулы қарсылық білдірген ұрыны өлтіруге де болған. Ежелгі Римде қажетті қорғану адамға тән табиғи құқық ретінде танылған. Қажетті қорғану ұғымына өте жақсы сипаттама, идея берген және дамытқан Ежелгі Римнің атақты ораторы, көрнекті